

Қалихан Ысқақов

Орындаған: Утеген Жанна

Қабылдаған: Тебегенова Алтынарай



**Ысқақ
Қалихан (1935 - 2014
)**
– жазушы, драматург.
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері
(2000).

1965-1967 жылдары Москвадағы сценаристер мен режиссерлер дайындайтын жоғарғы курсты тәмәмдаған .

1967-1972 жылдары Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясындағы үшінші творчестволық бірлестіктің бас редакторы болды.

1972 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының аппаратында істейді. Қ. Ысқақовтың творчестволық қызметі 1957 жылдан басталды. Ол бірнеше әңгіме, повесть, романдардың , драматургиялық киносценарийлердің авторы.

- Қалихан Ысқақовтың үздік шығармалары орыс , украин , өзбек , татар, чех , словак , неміс тілдеріне аударылып басылды.
- Жазушының тағы бір ерекше еңбегі классикалық аударма саласында да шоқтығы биік келеді. А. Чехов , И. Буниннің әңгіме — повестері ана тілімізде тамылжып сөйледі.

Шығармалары

- «Менің араларым» (1965) мен «Бұқтырма сарынын» (1967) жазып, содан соң «Тұйық» (1975) романын , «Қараорманның» (1980) қанатын кеңге жайғызып , «Ақсу — жер жаннатына» (1989) атты романын жазды.
- » Ақсу — жер жаннаты» романына 1992 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

«Қоңыр күз еді» повесі

- Шығарма өзінің балалық шағындағы өмірін өксігімен және өз махаббатымен тұтас күйінде бұзбай — жармай қағаз бетіне түсіре салғандай әсерге бөлейді. Повестегі бізге таныс интернат өмірі бар шындық қалпымен көзімізге елестейді.

Мұнда сезім мөлдірлігі, жан тазалығы және шыншылдығымен есте қалатын шыншыл да бірегей елдер кездеседі. Қасым , Алтын , Қомшыбай елдерін сомдағанда , қаламгердің шын сыры , ой — сезімнің гуманистік сипаттары жарқырай көрінеді және айқын.

“Қоңыр күз еді” повесінің автормен байланысы

- Балалық шағы сонау Ұлы Отан соғысының қасіретті жылдарымен тұспа – тұс келген жазушының балалық шағындағы өмір өксігі мен өз махаббатын аңсауы ұтастай қағаз бетіне түсіруге арқау болған. Бұл повесте бізге таныс интернат өмірі бар шындық қалпында бейнеленген. Мұнда сезім мөлдірлігі, жан тазалығы, турашыл сезімдер шынайылықпен суреттелген.

- **Қ.Ысқақов «Қоңыр күз еді»**

Алтайдың тұмса табиғатын, шулаған
қара орманы мен
Бұқтырманың булыққан сарынын көркем
прозада бірінші рет бейнелеген Қ.
Ысқақов - деп жерлес
жазушымыз жоғары баға берген.

Қ.Жұмаділов.